



# САРЫАРҚАНЫҢ САБАЗЫ

Өткен ғасырдың елуінші жылдарының ортасында қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқып жүрген кезімізде біздің ұлағатты ұстазымыз, академик Зейнолла Қабдолов марқұм ақиық ақын Қасым Аманжолов жөнінде оңашада бірер әңгіме айтқаны бүгін еске түсіп отыр.

Ортасында Қаскең бар,  
Қуандық Шаңғытбаев, Тәкен  
Әлімқұлов және Зейнолла аға  
Пролетар көшесінің бойындағы  
Жазушылар одағы үйінің жа-  
нында тұрғанда, Қасым ағаның  
құрдасы үстінде қаракөл жағалы  
пальто мен папаха киген ақын  
Ғабдол Сланов келеді. Амандық-  
саулықтан кейін Қасым «әй,  
Ғабдол, пальтоң құтты бол-  
сын, жумайсың ба?» - дейді.  
Сонда Қаскең «көрімдігің»  
деп қалтасынан ақша шығара  
бастаған кезде Ғабдол: «маған  
ақшаңның керегі жоқ, көрімдігің  
өлең болсын» дейді.

Сол кезде Қаскең:

Жігіттің көрдік жүйрік,

шабанын да-ай,

Япырмай, бір шаба алмай

қаламын ба-ай.

Үстімнен қара пальто түспей

қойды-ау,

Көк бөрік, көк жағаның

заманында-ай!

деген кезде-ақ Ғабекең: Маған  
бұдан артық көрімдік керегі жоқ,  
жүріңдер ресторанға, - деп бізді  
бір тойдырып еді деуші еді,  
қайран Зейнолла аға.

